



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**СЫДЫҚОВ  
ЖҮРІМБЕК  
СЫДЫҚҰЛЫ**



*Angelo*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**  
**БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
**ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ**  
**У.М. АХМЕДСАФИН АТЫНДАҒЫ ГИДРОГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ**  
**ГЕОЭКОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ**  
**ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА**

---

**Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы**

**СЫДЫҚОВ**  
**ЖҮРІМБЕК СЫДЫҚҰЛЫ**

**Алматы**  
**2012**

**УДК 01**  
**ББК 91.9:26**  
**С 95**

**С 95 Сыдықов Жүрімбек Сыдықұлы:** Биобиблиографиялық көрсеткіш / Құраст.: М.Ә. Мұхамеджанов, геол.-минер. ғылымдарының д-ры, И.И. Шәкібаев, техника ғылымдарының д-ры, К.Ж. Сыдықов, геол.-минер. ғылымдарының кандидаты. Бас. ред. Ә.Ғ. Сәтбаев, ЭҚҒ ХА академигі. Жауапты ред.: Ә.К. Жәкелов, ҚР ҰҒА академигі, Қ.Е. Қаймақбаева, ОҒК директоры. Библиогр. ред.: Т.В. Вдовухина, Ш. Құнанбаева. – Алматы: ОҒК, 2012. – б.: сур. [«Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы» сериясы].

**ISBN 978-601-7254-40-7**

**УДК 01**  
**ББК 91.9:26**

**ISBN 978-601-7254-40-7**

© Орталық ғылыми  
кітапхана, 2012

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН**  
**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ**  
**НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ НАУК**  
**ИНСТИТУТ ГИДРОГЕОЛОГИИ И ГЕОЭКОЛОГИИ**  
**ИМ. У.М. АХМЕДСАФИНА**  
**ЦЕНТРАЛЬНАЯ НАУЧНАЯ БИБЛИОТЕКА**

---

**Библиография ученых Казахстана**

**СЫДЫКОВ**  
**ЖУРМБЕК СЫДЫКОВИЧ**

**Алматы**  
**2012**

**УДК 01**  
**ББК 91.9:26**  
**С 95**

**С 95 Сыдыков Журмбек Сыдыкович:** Биобиблиографический указатель / Сост.: М.А. Мухамеджанов, д-р геол.-минер. наук, И.И. Шакибаев, д-р техн. наук, К.Ж. Сыдыков, канд. геол.-минер. наук. Гл. ред. А.Г. Сатпаев, академик МАНЭБ. Отв. ред.: А.К. Джакелов, академик НАН РК, К.Е. Каймакбаева, директор ЦНБ. Библиогр. ред.: Т.В. Вдовухина, Ш. Кунанбаева. – Алматы: ЦНБ, 2012. – с.: портр. [Серия «Биобиблиография ученых Казахстана»].

**ISBN 978-601-7254-40-7**

**УДК 01**  
**ББК 91.9:26**

**ISBN 978-601-7254-40-7**

© Центральная научная  
библиотека, 2012

**REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**  
**MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE**  
**NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES**  
**INSTITUTE OF HYDROGEOLOGY AND GEOECOLOGY NAMED**  
**AFTER U.M. AKHMEDSAFIN**  
**CENTRAL SCIENTIFIC LIBRARY**

---

**Biobibliography of scientists of Kazakhstan**

**SYDYKOV**  
**ZHURMBEK SYDYKOVICH**

**Almaty**  
**2012**

**УДК 01**  
**ББК 91.9:26**  
**С 95**

**С 95** Sydykov Zhurmbek Sydykovich: Biobibliographical index / Compiled by M.A. Mukhamedzhanov, doctor of geological-mineralogical sciences, I.I. Shakibayev, doctor of engineering, K.Zh. Sydykov, candidate of geological-mineralogical sciences. Editor-in-chief A.G. Satpayev, academician of IASEP. Executive editors: A.K. Dzhakelov, academician of RK NAS, K.E. Kaimakbayeva, director of CSL. Bibliogr. editors: T.V. Vdovukhina, Sh. Kunanbayeva. – Almaty: CSL, 2012. – p.: portr. [«Biobibliography of scientists of Kazakhstan» series].

**ISBN 978-601-7254-40-7**

**УДК 01**  
**ББК 91.9:26**

**ISBN 978-601-7254-40-7**

© Central scientific  
library, 2012

## ОҚЫРМАНДАРҒА

«Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы» сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Республикаға еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты және академик Қ.И. Сәтбаев атындағы сыйлықтың лауреаты, Қазақстан жер қойнауының құрметті барлаушысы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор Жүрімбек Сыдықовқа арналған.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен еңбегін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілген.

Көрсеткіш материалы хронологиялық тәртіппен орналасқан, әр жылдың көлемінде – алфавит ретімен: алдымен қазақша, одан кейін орыс, одан әрі басқа тілдерде жарияланған еңбектер беріліп отыр.

Еңбектерінің алфавиттік және бірлесіп жазатын авторлардың есім көрсеткіштерінде сілтемелер хронологиялық көрсеткіштегі еңбектерінің нөмірінде берілген.

## К ЧИТАТЕЛЯМ

Данный указатель – продолжение серии «Биобиблиография учёных Казахстана» – посвящён академику Национальной академии наук Республики Казахстан, Заслуженному деятелю науки Республики Казахстан, лауреату Государственной премии Казахстана в области науки и техники, лауреату премии имени академика К.И. Сатпаева, доктору геолого-минералогических наук, профессору, почётному разведчику недр Журмбеку Сыдыкову.

Биобиблиография включает материалы, характеризующие основные этапы жизни, научной и общественной деятельности ученого, его публикации и литературу о нем.

Материалы в указателе расположены в хронологическом порядке, в пределах каждого года – по алфавиту: сначала идут работы, опубликованные на казахском языке, затем на русском и других языках.

В алфавитном указателе трудов и именном указателе соавторов ссылки даются на порядковые номера работ, помещённых в хронологическом указателе трудов.

## **TO THE READERS**

The given index is one of the books included in series “Biobibliography of scientists of Kazakhstan” is devoted to academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Honoured Scientist of the Republic of Kazakhstan, State Prize Laureate of Kazakhstan in the field of science and engineering, K.I. Satpayev Prize Laureate, doctor of geological-mineralogical sciences, professor, Honorary prospector of Earth resources Zhurmbek Sydykov. Biobibliography includes materials that characterize main dates of life, scientific and public activity of the scientist, his publications and literature on him.

Materials in the index are arranged in chronological order, in the limits of each year – by alphabet: first there are works, published in Kazakh, then in Russian and other languages.

In alphabetical index of works and name index of co-authors the references are given by serial numbers of the works, placed in chronological index of works.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ Ж.С. СЫДЫҚОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ**

Жүрімбек Сыдықов 1922 жылы 20 қыркүйекте Алматы облысының Ақсу ауданында шаруа отбасында туған.

**1940.** Ақсу ауданында қазақ орта мектебін бітірген.

**1940-1944.** Әскер қатарында болды. Ұлы Отан соғысына қатысты.

**1944-1949.** Қазақ тау-кен институтындағы геологиялық барлау факультетінің (қазіргі академик Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің) студенті.

**1949-1952.** Қазақ ССР ҒА Геология ғылымдары институтының аспиранты және кіші ғылыми қызметкері.

**1952.** Геология-минералогиялық ғылымдары дәрежесі бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

**1952-1954.** Қазақ ССР ҒА Геология ғылымдары институтының кіші ғылыми қызметкері.

**1954-1959.** Қазақ ССР ҒА Геология ғылымдары институтының аға ғылыми қызметкері.

**1956.** «Гидрогеология» мамандығы бойынша аға ғылыми қызметкер атағы берілді.

**1960-1965.** Қазақ ССР ҒА Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институтының гидрохимия және суды тұщыландыру секторының меңгерушісі.

- Геология-минералогиялық ғылымдар дәрежесі бойынша докторлық диссертация қорғады.

- Қазақ ССР ҒА қайта құрылған Гидрогеология және гидрофизика институтының директорының орынбасары, сонымен қатар гидрогеохимия секторының меңгерушісі және институттың Ғылыми кеңесінің төрағасының орынбасары және «Гидрогеология мен гидротермия» мәселелері бойынша ғылыми кеңес төрағаларының орынбасары болып бекітілді.

**1967.** КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы ғылым мен техника жөніндегі мемлекеттік комитеттің «Су қорларын қорғау және кешенді пайдалану» мәселелері бойынша ғылыми кеңесінің мүшесі.

- Қазақ ССР ҒА Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институты жанындағы докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғау жөніндегі ғылыми кеңесінің мүшесі.

**1968.** «Гидрогеология» мамандығы бойынша профессор атағы берілді.

КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы гидрометеорология қызметі Бас басқармасының қазақ гидрометеорология ғылыми кеңесінің мүшесі.

**1969.** С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіндегі география факультетінің кандидаттық диссертация қорғау жөніндегі ғылыми кеңесінің мүшесі.

**1970.** Қазақ ССР ҒА корреспондент-мүшесі болып сайланды.

**1971.** КСРО геологтарының Ұлттық комитеті гидрогеологиялық секциясының мүшесі етіп бекітті.

- КСРО Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысушы.

- Қазақ Совет энциклопедиясының бас редакциялық алқасының мүшесі.

**1972.** Қазақ ССР ҒА Әлем және Жер туралы ғылымдары бөлімінің академик-секретарының орынбасары.

**1975.** Қазақ ССР ҒА-сы редакциялық-баспа кеңесінің мүшесі.

**1976-1990.** Өзбек ССР Геология министрлігінің О.К. Ланге атындағы ГИДРОИНГЕО институтында докторлық диссертация қорғайтын мамандандырылған кеңестің мүшесі және Қаз КСР ҒА-сы У.М. Ахмедсафин атындағы гидрогеология және гидрофизика институтында докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғайтын мамандандырылған кеңес төрағасының орынбасары.

**1977.** Қазақстан Ленин комсомолының ғылым, техника және өндіріс салаларындағы сыйлықтарын беру жөніндегі эксперттік комиссияның мүшесі.

- Ғылым мен техника саласындағы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлықтарын беру комитетінің геологиялық секциясының мүшесі.

- Қазақ ССР Геология министрлігіндегі Қазақ гидрогеология басқармасы ғылыми-техникалық кеңесінің мүшесі.

**1979.** География және геология атаулары жөніндегі Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің мекемеаралық республикалық комиссиясының мүшесі.

**1980.** «Кешенді карталар» атты еңбегі үшін ғылым және техника саласындағы Қазақ ССР мемлекеттік сыйлығы берілді.

- КСРО ҒА Инженерлік геология және гидрогеология саласындағы ғылыми кеңесінің және оның Орта Азия мен Қазақстан бойынша аймақтық секциясының мүшесі.

**1981.** КСРО Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысты.

- Жер асты су қорларын зерттеуге арналған Халықаралық гидрогеологтар ассоциациясының симпозиумына қатысты.

**1982.** Ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеу жұмыстарын бірлесе жүргізу жөніндегі Қазақ ҒА, ВАСХНИЛ-дың шығыс бөлімшесінің мекемеаралық ғылыми кеңесінің мүшесі.

**1984.** «Көп пішінді Жер қазынасы» деген кітабы үшін бүкілодақтық «Білім» қоғамының екінші сыйлығы берілді.

–КСРО Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің қола медалімен марапатталды.

– 27-ші Халықаралық геологиялық конгрессіне баяндама жасай отырып қатысты (Мәскеу).

**1985.** «Европаның геотермиялық атласы» Халықаралық жобасын жасаушы советтік жұмысшы тобының мүшесі.

**1988.** Гидрогеологтардың Халықаралық ассоциациясының мүшесі.

**1988-1994.** Қазақ ССР ҒА Жер туралы ғылымдары бөлімінің академик-хатшысы және Академияның президиум мүшесі.

**1989.** Қазақ ССР ҒА-ның академигі болып сайланды.

- «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Геология сериясы» журналының Бас редакторы.

**1990.** Арал мәселесіне арналған Халықаралық симпозиумға қатысты (Нукус).

**1991.** Қазақ КСР ҒА У.М. Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және гидрофизика институтындағы кандидаттық диссертация қорғау жөніндегі мамандандырылған кеңестің төрағасы.

- О.К. Ланге атындағы ГИДРОИНГЕО институты жанындағы докторлық диссертация қорғау жөніндегі мамандандырылған кеңестің мүшесі.

- Арал мәселесіне жөніндегі Халықаралық эксперттің мүшесі.

- «Қазақ КСР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер» деген құрметті атақ берілді.

**1992.** «Қазақстан Ұлттық ғылым академиясы Баяндамалары» журналы редколлегиясының мүшесі.

- Республика Жоғарғы Кеңесінің әл-Фараби атындағы қолдайтын «Дарынды жастар» республика қорының құрметті атағы берілді.

**1993.** Академик К.І. Сәтбаев атындағы сыйлық берілді.

- Қазақстан Республикасы алдында ерекше еңбегі сіңген үшін зейнетақы тағайындалды.

- Үрімші және Алматы қалаларында өткен Орталық Азия су ресурстары жөніндегі Халықаралық (Қазақстан – Қытай) симпозиумының ұйымдастырушысы.

- Талдықорған (кейіннен Алматы) облысы Ақсу ауданында Жансүгіров ауданындағы орта мектепке Ж. Сыдықовтың атағы берілді.

**1994.** «Қазақстан геологиясы» журналы редакция алқасының мүшесі.

- ҚР ҰҒА У.М. Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және гидрофизика институттың аға ғылыми қызметкері.

- ҚР ҰҒА У.М. Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және гидрофизика институтын докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғау жөніндегі мамандандырылған кеңестің мүшесі

**1995.** Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесі жанындағы республикалық терминология комитетінің мүшесі.

- ҚР ҰҒА су ресурстары жөніндегі кешенді-ғылыми кеңестің төрағасы.

- ҚР ҰҒА-ның 50 жылдық мерейтойын өткізу жөніндегі комиссияның мүшесі.

- У.М. Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және гидрофизика институтының кеңесшісі болып тағайындалды.

**1996.** Қазақ Республикасы Ғылым академиясы – Ғылым министрлігінің Жер туралы бөлімшесі академик-хатшысының орынбасары болып сайланды.

- Пекин қаласында өткізілген 30-шы халықаралық геология конгресіне баяндамамен қатысты.

- «Алматы» энциклопедиясының Бас редакциясының мүшесі болып тағайындалды.

- Қазақ КСР-сы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Жер туралы бөлімшесінің академигі Ш.Е. Есеновтың 70 жылдығын өткізу жөніндегі комиссияның орынбасары.

**1997.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы ақсақалдар кеңесінің мүшесі.

**1998.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің академигі Қ.И. Сәтбаевтың 100 жылдық мерейтойын өткізу жөніндегі комиссияның мүшесі.

- Академик Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми еңбектері жинағының редакция мүшесі.

- Академик Қ.И. Сәтбаевтың өмірі және қызметі туралы сурет-альбом редакциясының мүшесі.

- Қазақстан Республикасы ҒА президентінің академигі Қ.И. Сәтбаевтың 100 жылдық мерейтойын өткізу жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыру жайындағы Білім және ғылым министрлігі комиссиясының мүшесі.

- ҚР үкіметінің жанындағы ғылым және білім саласындағы Мемлекеттік сыйлық жөніндегі президиумының мүшесі.

**1999.** ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жер және металлургия бөлімшесінің Қ.И. Сәтбаев атындағы сыйлықты беру жөніндегі Комиссия секциясының төрағасы.

**2000.** Қазақстан Республикасы үкіметінің жанындағы ғылым, техника және білім бағытындағы Мемлекеттік сыйлық комиссиясының мүшесі.

**2001.** Қазақстан Республикасы ҰҒА Гидрогеология және гидрофизика (кейіннен гидрогеология және геоэкология) институтының Бас ғылыми қызметкері болып тағайындалды.

**2006.** Алматы облысы Ақсу ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді.

## **Марапаттары**

### **Ордендері**

1. Халықтар Достығы (17.09.1982)
2. Бірінші дәрежелі Отан соғысы (11.03.1985)
3. И.В. Сталиннің (15.08.1998)

### **Медальдары**

4. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында көрсеткен жауынгерлік еңбегі үшін» (09.05.1945)
5. «Тың жерлерді игергені үшін» (14.06.1956)
6. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 20 жыл» (07.05.1965)
7. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Жеңіске 25 жыл» (09.05.1970)
8. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Жеңіске 30 жыл» (06.05.1975)
9. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Жеңіске 40 жыл» (30.04.1985)
10. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Жеңіске 50 жыл» (05.05.1995)
11. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Жеңіске 60 жыл» (14.05.2005)

12. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Жеңіске 65 жыл» (23.04.2010)
  13. «Еңбектегі ерлігі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толу құрметіне» (26.03.1970)
  14. «СССР-дың Қарулы күштеріне 60 жыл» (09.05.1978)
  15. «СССР-дың Қарулы күштеріне 70 жыл» (02.02.1988)
  16. «Еңбек ардагері» (30.09.1982)
  17. «Г.К. Жуковтың Кенестік Одағы маршалы» (18.12.1996)
  18. «Астанаға 10 жыл»
  19. «1941-1945 Ұлы Отан соғысының ардагері» (08.10.1999)
  20. «Қазақстан Республикасының ғылымына сіңірген еңбек үшін» (01.01.2001)
  21. «Тыңға 50 жыл» (30.01.2004)
  22. «Отанға деген махабатты мен ерлігі» (09.05.2005)
  23. «Ерен еңбегі үшін» (8.12.2006)
  24. «Қазақстан Республикасы геологиясындағы зор еңбегі үшін» (11.2001)
  25. «60 років визволення Украина від фашистських заграбників» (12.04.2004)
  26. «60 год вызволения республікі Беларусь ад немецко-фашисцких захопнікаў» (20.06.2005)
  27. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Грамотасы (1961)
  28. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет Грамотасы (1974)
  29. Қазақ ССР-ның ғылым және техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығы берілді (1980)
  30. Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1991)

**ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ  
АКАДЕМИКА НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
Ж.С. СЫДЫКОВА**

Журмбек Сыдыков родился 20 сентября 1922 г. в с. Аксу Аксуского района Алматинской области в семье крестьянина.

**1940.** Окончил Аксускую казахскую среднюю школу.

**1940-1944.** Служба в армии. Участник Великой Отечественной войны.

**1944-1949.** Студент геологоразведочного факультета Казахского горно-металлургического института (ныне Казахский национальный технический университета имени К.И.Сатпаева).

**1949-1952.** Аспирант и младший научный сотрудник Института геологических наук АН КазССР.

**1952.** Защита диссертации на соискание ученой степени кандидата геолого-минералогических наук.

**1952-1954.** Младший научный сотрудник Института геологических наук АН КазССР.

**1954-1959.** Старший научный сотрудник Института геологических наук АН КазССР.

**1956.** Утвержден в звании старшего научного сотрудника по специальности «гидрогеология».

**1960-1965.** Заведующий сектором гидрохимии и опреснения Института геологических наук им. К.И. Сатпаева КазССР.

- Защита диссертации на соискание ученой степени доктора геолого-минералогических наук.

- Утвержден заместителем директора вновь созданного Института гидрогеологии и гидрофизики АН КазССР, одновременно заведующим сектором гидрогеохимии и заместителем председателя Учёного совета института, а также заместителем председателя научного совета по проблеме «Гидрогеология и гидротермия».

**1967.** Член Научного совета «Комплексное использование и охрана водных ресурсов» Государственного комитета Совета Министров СССР по науке и технике.

- Член Учёного совета Института геологических наук им. К.И. Сатпаева АН КазССР по защите докторских и кандидатских диссертаций.

**1968.** Утвержден в ученом звании профессора по специальности «гидрогеология».

- Член Учёного совета Казахского НИ гидрометеорологического института Главного управления гидрометслужбы при Совете Министров СССР.

**1969.** Член совета географического факультета КазГУ им. С.М. Кирова по защите кандидатских диссертаций.

**1970.** Избран членом-корреспондентом АН КазССР.

**1971.** Президиумом Академии наук СССР утвержден членом гидрогеологической секции Национального комитета геологов СССР.

- Участник ВДНХ СССР.

- Член Главной редакционной коллегии Казахской Советской энциклопедии.

**1972.** Заместитель академика-секретаря Отделения наук о Вселенной и о Земле АН КазССР.

**1975.** Член Редакционного-издательского совета АН КазССР.

**1976-1990.** Член Специализированного совета Института Гидроингео им. О.К. Ланге Министерства геологии Узбекской ССР по присуждению ученой степени доктора наук и заместитель председателя Специализированного совета Института гидрогеологии и гидрофизики им. У.М. Ахмедсафина по присуждению учёной степени доктора и кандидата наук.

**1977.** Член экспертной комиссии по премиям Ленинского комсомола Казахстана в области науки, техники и производства.

- Член геологической секции Комитета по присуждению Государственной премии КазССР в области науки и техники.

- Член Научно-технического совета Казахского гидрогеологического управления Министерства геологии КазССР.

**1979.** Член Республиканской межведомственной комиссии Совета Министров КазССР по географическим и геологическим названиям.

**1980.** Присуждена Государственная премия Казахской ССР в области науки и техники.

- Член Учёного совета АН СССР по инженерной геологии и гидрогеологии и его региональной секции по Средней Азии и Казахстану.

**1981.** Участник ВДНХ СССР.

- Участник симпозиума Международной ассоциации гидрогеологов.

**1982.** Член Международного научного совета учреждений АН КазССР, Восточного отделения ВАСХНИЛ и Министерства сельского хозяйства КазССР по координации научных исследований в области сельского хозяйства.

**1984.** Присуждена вторая премия Всесоюзного общества «Знание» за книгу «Многоликое ископаемое Земли».

- Награждён бронзовой медалью ВДНХ СССР.

- Участник 27<sup>го</sup> Международного геологического конгресса в Москве.

**1985.** Член советской рабочей группы Международного проекта «Геотермический атлас Европы».

**1988.** Член Международной ассоциации гидрогеологов.

**1988-1994.** Академик-секретарь Отделения наук о Земле и член президиума Академии наук КазССР.

**1989.** Избран действительным членом (академиком) АН КазССР.

- Главный редактор журнала «Известия Академии наук Казахской ССР. Серия геологическая».

**1990.** Участник Международного симпозиума по проблемам Арала (Нукус).

**1991.** Председатель Специализированного совета по защите диссертаций на соискание ученой степени кандидата наук Института гидрогеологии и гидрофизики им. У.М. Ахмедсафина АН КазССР.

- Член Специализированного совета по защите докторских диссертаций в Институте Гидроингео им.О.К. Ланге.

- Член Международного экспертного совета по проблемам Арала.

- Присвоено почетное звание «Заслуженный деятель науки КазССР».

**1992.** Член редколлегии журнала «Доклады Академии наук Республики Казахстан».

- Присвоено почётное звание «Учитель талантов» Республиканского фонда поддержки талантов им. аль-Фараби Верховного Совета Республики Казахстан.

**1993.** Присуждена премия имени академика К.И. Сатпаева.

- Назначена пенсия за особые заслуги перед Республикой Казахстан.

- Организатор Международного (Казахско-Китайского) симпозиума по водным ресурсам Центральной Азии в городах Урумчи и Алматы.

- Присвоение имени Ж. Сыдыкова средней школе в пос. Жансугуров Аксуского района Талдыкурганской (затем Алматинской) области.

**1994.** Член редколлегии журнала «Геология Казахстана».

- Главный научный сотрудник Института гидрогеологии и гидрофизики им. У.М. Ахмедсафина НАН РК.

- Член Специализированного совета по защите докторских и кандидатских диссертаций Института гидрогеологии и гидрофизики им. У.М. Ахмедсафина НАН РК.

**1995.** Член республиканского комитета по терминологии при Совете Министров Республики Казахстан.

- Председатель научно-проблемного совета по водным ресурсам Национальной академии наук РК.

- Член комиссии по проведению 50-летнего юбилея Национальной академии наук РК.

- Назначен Советником при дирекции Института гидрогеологии и гидрофизики им. У.М. Ахмедсафина.

**1996.** Избран заместителем академика-секретаря Отделения наук о Земле Министерства науки – Академии наук РК.

- Участник XXX Международного геологического конгресса в г. Пекине.

- Утвержден членом Главной редакции энциклопедии «Алматы».

- Заместитель председателя комиссии Отделения наук о Земле Министерства науки – АН РК по проведению 70-летнего юбилея академика Ш.Е. Есенова.

**1997.** Член Совета старейшин при Министерстве высшего образования – Академии наук РК.

**1998.** Член комиссии Министерства науки – Академии наук РК по проведению 100-летнего юбилея академика К.И. Сатпаева.

- Член редколлегии сборника трудов академика К.И. Сатпаева.

- Член редакции фотоальбома о жизни и деятельности академика К.И. Сатпаева.

- Член комиссии Министерства науки и образования РК по реализации поручения Президента Республики Казахстан по проведению 100-летнего юбилея академика К.И. Сатпаева.

- Член Президиума по Госпремиям РК в области науки и образования при Правительстве РК.

**1999.** Председатель секции Комиссии МОН РК по присуждению премии им.К.И. Сатпаева в области наук о Земле и металлургии.

**2000.** Член комиссии по Госпремиям РК в области науки и образования при Правительстве Республики Казахстан.

**2001.** Назначен Главным научным сотрудником Института гидрогеологии и геоэкологии им. У.М. Ахмедсафина НАН Республики Казахстан.

**2006.** Присвоено звание «Почетный гражданин Аксуского района» Алматинской области.

## **Награды**

### **Ордена**

1. Дружбы Народов (17.09.1982)
2. Отечественной войны 1 степени (11.03.1985)
3. И.В. Сталина (15.08.1998)

### **Медали**

4. «За отвагу в Великой Отечественной войне в 1941-1945гг.» (09.05.1945)
5. «За освоение целинных земель» (14.06.1956)
6. «20 лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945гг.» (07.05.1965)
7. «25 лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.» (09.05.1970)
8. «30 лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945гг.» (06.05.1975)
9. «40 лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.» (30.04.1985)
10. «50 лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945гг.» (05.05.1995)
11. «60 лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945гг.» (14.05.2005)
12. «65 лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945гг.» (23.04.2010)
13. «За доблестный труд. В ознаменование 100-летия со дня рождения В.И. Ленина» (26.03.1970)
14. «60 лет Вооруженных сил СССР» (09.05.1978)
15. «70 лет Вооруженных сил СССР» (02.02.1988)
16. «Маршал Советского Союза Жуков Г.К.» (18.12.1996)
17. «Астанаға 10 жыл» (10 лет Астане)
18. «Тыңға 50 жыл» (30.01.2004) (50 лет Целине)
19. «Ветеран труда» (30.09.1982)
20. «Ветеран Великой Отечественной войны 1941-1945 гг.» (8.10.1999)
21. «За заслуги в развитии науки Республики Казахстан» (01.01.2001)

22. «Қазақстан Республикасы геологиясындағы зор еңбегі үшін» (11.2001)
23. «За мужество и любовь к Отечеству» (09.05.2005)
24. «Ерен еңбегі үшін» (8.12.2006)
25. «60 років визволення України від фашистських загарбників» (12.04.2004)
26. «60 год вызволення республікі Беларусь ад немецка-фашистских захопнікаў» (20.06.2005)
27. Грамота Верховного Совета Казахской ССР (1961).
28. Почетная грамота Верховного Совета Казахской ССР (1974).
29. Присуждена Государственная премия Казахской ССР в области науки и техники (1980)
30. Заслуженный деятель науки Казахской ССР (1991)

## **MAIN DATES OF LIFE AND ACTIVITY OF ACADEMICIAN OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN Zh.S. SYDYKOV**

Zhurmbek Sydykov was born on September, 20, 1922 in Aksu village, Aksu region, Alma-Ata oblast, in peasant's family.

**1940.** Finished Aksu Kazakh secondary school.

**1940-1944.** Service in the Army. Participant of the Great Patriotic War.

**1944-1949.** Student of geological prospecting faculty of the Kazakh Mining-Metallurgical Institute (nowadays the Kazakh National Technical University named after K.I. Satpaev).

**1949-1952.** Post graduate student and junior research worker at the Institute of Geological Sciences, KazSSR AS.

**1952.** Defended thesis for geological-mineralogical candidate degree.

**1952-1954.** Junior research worker at the Institute of Geological Sciences, KazSSR AS.

**1954-1959.** Senior research worker at the Institute of Geological Sciences, KazSSR AS.

**1956.** Confirmed as senior research worker in specialty «hydrogeology».

**1960-1965.** Head of hydrochemistry and desalination sector at the Institute of Geological Sciences, KazSSR AS.

- Defended thesis for geological-mineralogical doctor's degree.

- Confirmed as deputy director at newly created Institute of Hydrogeology and Hydrophysics, KazSSR AS, simultaneously head of hydrogeochemistry sector and deputy chairman of Scientific council at the institute also deputy chairman of Scientific council on the problem «Hydrogeology and hydrothermia».

**1967.** Member of Scientific council on the problem «Complex use and protection of water resources», State Committee of USSR Council of Ministers on science and engineering.

- Member of Scientific council of KazSSR AS Institute of Geological Sciences named after K.I. Satpayev on defending doctor's and candidate theses.

**1968.** Confirmed as professor on specialty «hydrogeology».

- Member of Scientific council of Kazakh scientific-research hydrometeorological Institute of Chief Administration Service under USSR Council of Ministers.

**1969.** Member of geographic faculty council at KazSU named after S.M. Kirov on defending candidate theses.

- 1970.** Elected corresponding member of KazSSR AS.
- 1971.** Confirmed as member of hydrogeological section of the National Committee of USSR geologists by USSR Academy of Sciences Presidium.
- Participant of the Exhibition of National Economic Achievements.
  - Member of Chief editorial board of the Kazakh Soviet Encyclopedia.
- 1972.** Deputy academician-secretary of Universal and Earth Department, KazSSR AS.
- 1975.** Member of Editorial-publishing council of KazSSR AS.
- 1976-1990.** Member of Specialized council of Hydroingeo Institute named after O.K. Lange of UzbekSSR Ministry of Geology on conferring doctor's scientific degree, and deputy chairman of Council at the Institute of Hydrogeology and Hydrophysics named after U.M. Akhmedsafin on conferring doctor's and candidate scientific degree.
- 1977.** Member of the Commission of experts on Lenin Komsomol prizes in the field of science, engineering and production.
- Member of the geological section of the Committee on awarding KazSSR State Prize in the field of science and engineering.
  - Member of the Scientific-technical council of the Kazakh Hydrogeological Administration of KazSSR Ministry of Geology.
- 1979.** Member of Republican Inter-departmental commission of KazSSR Council of Ministers on geographical and geological names.
- 1980.** Awarded KazSSR State Prize in the field of science and engineering.
- Member of USSR AS Scientific council on engineering geology and hydrogeology and its regional section over Central Asia and Kazakhstan.
- 1981.** Participant of USSR Exhibition of National Economic Achievements.
- Participant of the International Hydrologists' Association Symposium.
- 1982.** Member of the International scientific council of KazSSR AS institutions, Eastern department of the Lenin All-Union Academy of Agricultural Sciences and KazSSR Ministry of Agriculture on coordination of scientific researches in agriculture.
- 1984.** Awarded the second prize of All-Union Society «Znanie» for the book «Multy-face fossil of the Earth».
- Participant of USSR Exhibition of National Economic Achievements. Awarded the bronze medal of the Exhibition.
  - Participant of 27<sup>th</sup> International Congress in Moscow.
- 1985.** Member of the Soviet working group of the International project «Geothermal atlas of Europe» 1988-1994.
- 1988.** Member of the International Association of Hydrogeologists.

**1988-1994.** Academic-secretary of the Earth sciences department and member of KazSSR AS Presidium.

**1989.** Elected the Member (academician) of KazSSR AS.

- Editor-in-chief of magazine «Izvestia of KazSSR Academy of Sciences. Geological series».

**1990.** Participant of the International symposium on Aral problems (Nukus).

**1991.** Chairman of Specialized council on defence of candidate theses at the Institute of Hydrogeology and Hydrophysics named after U.M. Akhmedsafin, KazSSR AS.

- Member of Specialized council of Hydroingeo Institute named after O.K. Lange on defence of doctor's theses.

- Member of the International council of experts on Aral problems.

- Awarded honorary title «Honoured Scientific Worker of KazSSR».

**1992.** Member of editorial board of «Reports of the Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» magazine.

- Awarded honorary title «Educator of talents» of the Republican fund of supporting talents named after Al-Farabi of the Republic of Kazakhstan Supreme Soviet.

**1993.** Awarded the K.I. Satpayev Prize.

- Granted a pension for special services to the Republic of Kazakhstan.

- Organizer of the International (Kazakh-China) symposium on water resources of Central Asia in Urumchi and Almaty.

- Second school in Jansugurov village, Aksu region, Taldy-Kurgan (then Almaty oblast) was renamed after Zh. Sydykov.

**1994.** Member of editorial board of «Geology of Kazakhstan» magazine.

- Chief research worker at the Institute of Hydrogeology and Hydrophysics named after U.M. Akhmedsafin, RK NAS.

- Member of Specialized council on defence of doctor's and candidate theses at the Institute of Hydrogeology and Hydrophysics named after U.M. Akhmedsafin, KazSSR AS.

**1995.** Member of Republican committee on terminology under RK Soviet of Ministers.

- Chairman of the scientific-problem council on water resources of RK National Academy of Sciences. Member of the commission on conducting its fiftieth anniversary.

- Appointed the Adviser under the Institute of Hydrogeology and Hydrophysics named after U.M. Akhmedsafin administration.

**1996.** Elected deputy academician-secretary of the Earth sciences department of RK Ministry of Science–Academy of Sciences.

- Participant of XXX International geological congress in Pekin.
- Appointed a member of the Chief editorial staff of «Almaty» encyclopedia.
- Deputy chairman of the Commission of the Earth sciences department of RK Ministry of Science–Academy of Sciences on conducting academician Sh.Ye. Yesenov’s 70<sup>th</sup> anniversary.
- 1997.** Member of the Council of Elders under RK Ministry of Higher Education – Academy of Sciences.
- 1998.** Member of the Commission of RK Ministry of Higher Education – Academy of Sciences on conducting academician K.I. Satpayev’s centenary.
  - Member of editorial board on academician K.I. Satpayev’s collection of works.
  - Member of editorial board on photoalbum of academician K.I. Satpayev’s life and activity.
  - Member of the Commission of RK Ministry of Higher Education – Academy of Sciences on realization of RK President’s instruction on conducting academician K.I. Satpayev’s centenary.
  - Member of Presidium on RK State Prizes in the field of science and education under RK Government.
- 1999.** Chairman of section of RK MES Commission on conferring the K.I. Satpayev Prize in the field of Earth sciences and metallurgy.
- 2000.** Member of the Commission on RK State Prizes in the field of science and education under RK Government.
- 2001.** Appointed chief research worker at the Institute of Hydrogeology and Hydrophysics named after U.M. Akhmedsafin, RK NAS.
- 2006.** Awarded title of «Honorary citizen of Aksu region» Almaty oblast.

## **Awards**

### **Orders**

1. Order of Friendship of Peoples (17.09.1982)
2. Order of Patriotic War of the first degree (11.03.1985)
3. Order of Stalin (15.08.1998).

### **Medals**

4. «For Bravery in the Great Patriotic War in 1941-1945» (09.05.1945)
5. «For the development of virgin lands» (14.06.1956)
6. «20 years to Victory in the Great Patriotic War of 1941-1945» (07.05.1965)

7. «25 years to Victory in the Great Patriotic War of 1941-1945» (09.05.1970)
8. «30 years to Victory in the Great Patriotic War of 1941-1945» (06.05.1975)
9. «40 years to Victory in the Great Patriotic War of 1941-1945» (30.04.1985)
10. «50 years to Victory in the Great Patriotic War of 1941-1945» (05.05.1995)
11. «60 years to Victory in the Great Patriotic War of 1941-1945» (14.05.2005)
12. «65 years to Victory in the Great Patriotic War of 1941-1945» (23.04.2010)
13. «For Valorous Labor». In commemoration of 100 anniversary of V.I. Lenin (26.03.1970)
14. «60 years to Armed Forces» (09.05.1978)
15. «70 years to Armed Forces» (02.02.1988)
16. «Marshal of the Soviet Union Zhukov G.K.» (18.12.1996)
17. «Астанаға 10 жыл» (10 years to Astana)
18. «Тыңға 50 жыл» (30.01.2004) (50 years to Virgin Lands)
19. «Veteran of Labor» (30.09.1982)
20. «Veteran of the Great Patriotic War of 1941-1945» (08.10.1999)
21. «For merits in science development of the Republic of Kazakhstan» (01.01.2001)
22. «Қазақстан Республикасы геологиясындағы зор еңбегі үшін» (11.2001) (For contribution to the development of geology of the Republic of Kazakhstan)
23. «60 років визволення України від фашистських загарбників» (12.04.2004) (60 years to liberation of Ukraine from fascist invaders)
24. «60 год вызволення Республікі Беларусь ад немецка-фашисцкіх захопнікаў» (20.06.2005) (60 years to liberation of the Republic of Belorussia from fascist invaders)
25. «For courage and love for Mother Country» (09.05.2005)
26. «Ерен еңбегі үшін» (8.12.2006) (For Valorous Labor)
27. Diploma of the Supreme Soviet of the Kazakh SSR (1961)
28. Diploma of the Supreme Soviet of the Kazakh SSR (1974)
29. State Prize of the Kazakh SSR in the field of science and engineering (1980)
30. Honoured Scientist of the Kazakh SSR (1991)

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ Ж.С. СЫДЫҚОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ**

Жүрімбек Сыдықов Қазақстан Ұлттық ғылым академиясы академигі, Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, Республикалық Мемлекеттік сыйлықтың және академик Қ.И. Сәтбаев атындағы сыйлықтың иегері, профессор, У.М. Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және геоэкология институтының бас ғылыми қызметкері.

Ж. Сыдықов – су қорларын, жер асты суларын іздеп, тауып, оны Қазақстан экономикасының және әлеуметтік сфераның әр бағыттарында көп жылдар бойы негіздеп жатқан гидрогеология және су қорлары саласындағы ірі зерттеуші.

Ж. Сыдықов 1922 жылы 20 қыркүйекте қазіргі Алматы облысының Ақсу ауданында кедей шаруа отбасында дүниеге келді. Әке-шешесінің қаза болуына байланысты 12 жасынан бастап еңбекке араласты, балалар үйінде тәрбиеленді. Өмірінің ауырлығына, мұқтаждыққа қарамастан мектептегі жылдарынан бастап білімге деген ынтасы айрықша біліне бастады. Ол 1940 жылы Ақсу қазақ орта мектебін үздік бағалармен бітіріп шықты.

Ж. Сыдықов мектеп бітірісімен Әскер қатарына алынды. Алғашында Забайкал әскери округіне қарасты Монғолияның Халкин-Гол аймағындағы әскери құрамында болды. Кейіннен – 1942 жылдың бас кезінен бастап Ұлы Отан соғысына қатысып, Брянск, Калинин, Батыс майдандарында және Смоленск қаласы маңында соғыста болды. 1944 жылы үш рет ауыр жарақаттануына байланысты соғыс мүгедегі болып әскери қызметтен босатылды.

Сол жылы ол Қазақ тау-кен институтының (қазіргі Қ.И. Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық университетінің) геологиялық-барлау факультетіне оқуға түсті. Ол студент болып жүрген кездің өзінде-ақ ғылыми зерттеу жұмыстарына бейімділігін байқатты. 1947-1948 жылдары Текелідегі геологиялық және маркшейдерлік, Оңтүстік Ембіде гидрогеологиялық отрядтарында қызмет атқарып, далалық зерттеу жұмыстарына белсене қатысты; институттағы және жалпықалалық студенттік ғылыми конференцияларда баяндама жасады. Бұл араларда бірнеше рет сыйлықтар мен мақтау қағаздары тапсырылды. Жеке алғанда, сусыз шөлде орналасқан Ембі мұнайлы ауданының алғаш рет жер асты суларын зерттеуінің нәтижелеріне арналған үздік баяндамасы үшін ол КСРО Жоғары Білім

министрлігінде Құрмет грамотасымен марапатталып, жұмысы студенттік ғылыми үйірме деп жоғары бағаланды. Осыған байланысты ол 1949 жылы институтты бітірісімен ҚазССР ҒА Геология ғылымдары институтының аспирантурасына жолдама алды. Жас маман бұл арада көрнекті гидрогеолог мамандар У.М. Ахмедсафиннің және Н.Ә. Кенесаринның басшылығымен білімін әрі қарай дамыта түседі.

Аспирантурадағы жылдарында Жүрімбек Сыдықов сонымен қатар институттың кіші ғылыми қызметкері міндетін атқарады; сусыз Жезқазған ауданында, Еділ-Жайық өзендері аралығында, Үстірт жотасында, Маңғыстауда жер асты суларын зерттеу істеріне белсене қатысады. Сол аудандардың бірінде, Солтүстік Маңғыстауда жүргізілген зерттеулер аса тиянақты қорытындыланып, ол 1952 жылы геология-минералогия ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін диссертациясын үздік қорғап шығады. Бұл жұмысында ол аймақта бірінші болып минералдылығы аз жер асты суларының едәуір мол қорын анықтайды, оны ауыл шаруашылығында және келешекте мұнай өндірісін дамытуға пайдалануға болатынын негіздейді.

1953-1959 жылдары Ж. Сыдықов Ақтөбе, Гурьев (кейінгі кезде Атырау), Маңғыстау облыстарының гидрогеологиялық жағдайларын кеңінен жан-жақты зерттей отырып, олардың су қорларын мал жайылымдықтарында, жалпы алғанда ауыл шаруашылығында, мұнай кен орындарында, тың және тыңайған жерлерді меңгеруге пайдалануға болатынын негіздеді. Қазақ ССР ҒА академигі У.М. Ахмедсафинмен, басқа да кейбір зерттеушілермен бірлесе отырып Гурьев, Маңғыстау, Ақтөбе облыстарының, жалпы алғанда Батыс Қазақстан аймағының алғашқы гидрогеологиялық карталарын жасады, көптеген ғылыми мақалалар жариялады. Олар ғылыми және геологиялық орындарда жоғары бағаланды. Қорытындыланған материалдар халық шаруашылығының көптеген салаларын сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беруімен қатар Батыс Қазақстанның жалпы су балансын бағалаудың, жер асты су қорлары ресурстарын қорғау және оларды кешенді түрде пайдаланудың басты бағыттарын белгілеудің, бұл суларды іздеп-барлау жұмыстарын дұрыс жүргізудің негізіне алынды.

1959-1965 жылдары өзі жетекшілік еткен ғылыми қызметкерлермен бірлесе Ж. Сыдықов Ақтөбе жерін, Каспий теңізі бойындағы ойпатты, Солтүстік Арал жазығын, Маңғыстау мен Үстірт бойын алып жатқан мұнайлы-газды аудандардың, Оңтүстік Оралдың, Мұғалжар мен Қаратаудың рудалы өңірінің гидрогеологиясы мен гидрогеохимиясын кеңінен зерттеумен шұғылданды. Соның

барысында бұл аудандардың қойнауындағы перспективті сулы қабаттарының өнімі мол мұнайлы-газды, рудалы жерлердің, өндірістік мәні бар тұздық сулар жиналған орындардың байлықтары нақтылы дәлелденді. Сол жылдары оның тікелей қатысуымен Маңғыстаудың оңтүстігінде Сауысқан және Түйесу жер асты су қоймалары, Ақтөбе жерінде Кеңқияқ мұнай, Базой газ кен орындары ашылды.

Орал-Мұғалжар таулары мен олардың маңындағы жазықта ұзақ жылдар бойы жүргізген жер асты суларын жан-жақты зерттеулерінің нәтижесінде Ж. Сыдықов ірі монография жазды. Соның негізінде ғалым 1965 жылы докторлық диссертация қорғады. Содан кейінгі уақыттарда ол Батыс Қазақстан көлемінде жүргізген зерттеулерін жалғастыра отырып, тереңде жатқан жер асты суларының пайда болу, қалыптасу, таралу заңдылықтарын негіздеп дамытты, мұнай-газ кендерінің пайда болып, жер қойнауында сақталу жағдайларын негіздеді. Сол зерттеулердің негізінде жеке өзі және басқа кейбір ғалымдармен бірлесе отырып Маңғыстау-Үстірт бойы (1970ж.), Каспий ойысы (1973) және бүкіл Батыс Қазақстан аймақтары (1971) өңірінің жер асты сулары, Батыс және Солтүстік Қазақстандағы бор дәуірінің жер асты сулары (1976), Арал-Каспий мұнайлы-газды аймағының гидрогеотермиялық жайлары (1979) туралы ірі монографиялар дайындап, орталық және республикалық ғылыми басылымдарда жария етті. Оның бұл бағыттағы жұмыстары кейінгі жылдарда республиканың оңтүстік, оңтүстік-шығыс, орталық және солтүстік аймақтарында жүргізілді.

1960-1961 жылдары Ж. Сыдықов мұнай-газ, рудалы кендердің, өндірістік мәні зор тұздық сулардың кен орындарын іздеп, табудың гидрогеохимиялық әдістерін негіздеуге, олардың карталарын салуға, ғылыми қорытындылар шығаруға байланысты кешенді зерттеулер орындады. Бұл бағыттарда бірқатар жаңа теориялық және методикалық қағидалар дәлелденді, мол сулы жер қыртыстарының жаңа гидрогеологиялық стратификациясы мен оларды құрылымдық-гидрогеологиялық аудандастырудың принциптері, мұнайлы және рудалы аймақтардың гидрогеохимиялық карталарын түсірудің тиімді тәсілдері негізделді.

Ж. Сыдықовтың тікелей қатысуымен және редакциялауымен Каспий бойындағы ойпаттың (1962), Мұғалжардың (1964), тұтасынан Қазақстан жерінің (1968, 1970) гидрогеохимиялық карталары жасалды, тым көлемді 1:2500000 масштабты КСРО гидрогеохимия картасы (Қазақстан бойынша) салынып, 1976 ж. Одақтың баспа бетінде жарияланды. Белгілі ғалымдар Е.Е. Белякова мен С.М. Шапирамен бірлесіп орындалған Қазақстанның шөлді аймақтарының

гидрогеохимиялық карталарын түсіру тәсілдері мен принциптері жөніндегі бір еңбегі Халықаралық ассоциациясының Бас Ассамблейінің Швецарияда өткен жиында баяндалып Бельгияда (1967ж) жарияланды. Шөл далаларда сульфидті кен орындарын гидрогеохимиялық жолдармен іздестірудің ғылыми-теориялық, әдістемелік негіздері және сол сулы орындарды сумен қамтамасыз ету мүмкіндіктері жайында ол басқа да зерттеушілермен бірлесе отырып, 1979 ж. кең көлемді Шу-Іле рудалы зонасының гидрогеологиясы мен гидрохимиясы талқыланып, баспа бетінде жарияланды.

Сонымен қатар ғалым тереңдігі әр қабаттағы жер асты суларының өзара байланыстары, күрделі түрде пайда болуы және олардың жер бетіндегі сулардың қорларын құрар жолдары (1973), жер астындағы әртектес генетикалық хлорлы сулардың (1978) пайда болуын дәлелдеді. Алғашқы рет бұл сулардың тереңнен жер бетіне қарай көтерілу негізінде фильтрациялық әсер пайда болатыны, соның нәтижесінде судың сұйық және ерітінді заттар бөлігі жеке қозғалатындығы дәлелденді.

Жер асты суларының минералдылығына, химиялық және микроэлементтік құрылымдарына қарай оны гидрогеохимиялық үш топқа бөлуге болатыны (1964, 1971, 1979) негізделді. Еліміздің атақты ғалымдары М.Г. Курлов, О.А. Алекин ғылымға енгізген гидрохимиялық формулаларына жаңа принципіалды өзгерістер енгізілді (1961, 1969). Ол К.М. Дәулетғалиевамен бірлесе елімізде бірінші болып, мамандарға арналған «Гидрогеохимиялық топтастыру және графиктер» деген анықтама кітабын құрастырып, жариялады (1974). Оның басшылығымен, тікелей қатысуымен республиканың таулы және жазық аймақтарында көп жылдар бойы жүргізілген әртүрлі гидрогеохимиялық зерттеулердің нәтижелері қорытылып, алғашқы рет «Қазақстанның гидрогеохимиясы» деген көлемді ғылыми еңбегі жарық көрді (1989).

